


# АЙҚЫН

## ҚҰЙЫН ЖЫРДЫҢ «ҚАРАБУРАСЫ»



**Ақын Жарасқан Әбдірашев дегенде менің есіме ә дегеннен екі көрініс оралады. Алдымен, соңғысынан бастайын.**

**Қаратаудың теріскейіндегі Созақта бүкіл түркіге ортақ Қарабура әулиенің кесенесі жаңартылуына байланысты 1997 жылы тұңғыш рет республикалық көлемде сауын айтылып, үлкен ас берілді. Аста түрлі шаралармен қатар, жазба ақындардың мүшәйрасы да өтті. Қарабура әулие атындағы республикалық мүшәйраның бас жүлдесін Алматыдан келген жыр жүйірігі – Әбдіраштың Жарасқаны иеленді.**

Сол ас үстінде бір қалтарыстау жерде оңаша тұрған Жарасқан ақынның бейкүнә бейнесі көз алдымда бұлдырайды. Жаз айы. Шолақ жең көйлектен қырым еті жоқ жіп-жіңішке

білектері сидиып, арық иығы тым-тым қушыып көрінеді. Өмірден озарынан үш жарым жылдай уақыт бұрын ғой. Сол кезде сырқаты жанына батыңқырап жүрді ме екен, аса бір әлжуаз көрінген. Сол әлжуаздығын әжуа еткісі келгендей, кілең омырауы есіктей, балтыры бесіктей ауылдың кетпен ұстап өскен келіншектері ақынның айналасына жинала қалмасы бар ма?! Біреулері арт жағын ұзын етіп жіберген шашын ерсі санап, біреулері ешкімге ұқсамайтын нәзік түр-тұлғасын айналшықтап қызықтайды. Күнге әбден күйіп кеткен балуан денелі бір қара келіншек онсыз да құлап кетердей болып тұрған ақынның бүйірінен түртіп көріп, «өзің күресесің бе ей, менімен?», – дейді қағытып. Ақын кетік тістерін көрсетіп, шарасыз жымияды...

Алдыңғы көрініске оралсам, 1988 жыл болуы керек. Жазушылар одағында өтетін әлдебір жиынға кіргелі есік алдында тұрғанмын. Мәшинеден түскен ақын Мұхтар Шаханов арт жағында топ кісімен келе жатқан ақын Жарасқан Әбдірашевті байқап қап, қапталдаса берген оған ай-шай жоқ шүйлігіп: «Сенің өспей жүргенің осындайыңнан ғой...» – деп қатты зекіді. Жарасқан ақын үндеген жоқ.

Бұл сол кезде Жәкеңнің Мұхаңа: «Ақындардың ішіндегі артисі, артистердің ішіндегі ақыны» деп – жазған эпиграммасы елдің аузында жүрген кезі. Мұхаң соған шарт кеткен ғой. Өзім куә болған осы жағдайдың түйінін кейін Мұхтар Шаханов «693 және 7 немесе Қазақстан Жазушылар одағы» деген өлеңінің кіріспесінде былайша тарқатыпты: «Бірде «Ана тілі» газетінің редакциясына бара қалып едім, Мереке Құлкенов ішкі бөлмесіне шақырды. Кірsem, ұлтымыздың екі қанатты ақыны Жарасқан Әбдірашев пен Темірхан Медетбек отыр екен. Байқаймын, екі інімнің де температурасы сәл жоғарылау. Бір кезде Жарасқан:

– Мұха, көңіліңізге келсін, келмесін, бірақ айтуға тиістіміз, біз сізді ұзақ жылдар бойына жек көрдік, – деді.

Мен ешбір таңданыссыз басымды изедім.

– Жуырда мынадай ойға тірелдік, – деп әңгімесін жалғады Жарасқан. – Біз бұл ақынды не үшін жек көріп келдік? Радиода, теледидарда жұмыс істеді. Қанша рет шақырып алып, өлеңдерімізді бергізді. «Жалын» журналында бас редактор болды, мұнда да құлаш-құлаш жырларымызды жариялады. Жолыққанда еркелетіп, арқамыздан қақты. Қайта мен өзім бұл кісіні мазақтап, бірнеше рет пародия жазыппын. Сонда біз бұл ақынды не үшін ұнатпадық? – деген сұрақ ылғи да алдымыздан құлағын қылтитып жүрді. Сөйтсек, тікелей ақындық белсенділікті қажет ететін ұлтымыздың көкейтесті мәселелерінде сіз, Мұха, поэзияңызбен де, азаматтығыңызбен де бізден едәуір биік тұрыпсыз. Биікте тұрған жан көзге көп түседі. Ал ылғи да жұрт назарында жүрген адамның соңында түрлі-түрлі пенделік көпірме сөздер мен жөнді-жөнсіз жорамалдар еріп жүреді... Біз сізді тым кештеу болса да түсінуге мүмкіндік таптық, енді інілік алғысымызды қабылдаңыз! – Жігіттер, – дедім көңілім толқып, – менің ең үлкен ақындық бақытым – ешкімді қызғанбағандығым. Осыны түсіну арқылы сендер де мені бағалауға бет бұрдыңдар. Өз пенделік құрылысынан оқ бойы оза ұшпаған адам ғалами ақындық, жазушылық парасаттың шырқау биігіне көтеріле алмақ емес. Бұдан былай да сендерге ағалық баспалдақ болуға жарасам – қуаныштымын.

Төртеуіміз орнымыздан тұрып, бір-бірімізбен құшақтаса төс түйістірдік. Жалғыз Мұхаң емес, Жарасқанға өздерін тура жолға салған эпиграммалары үшін бірталай қаламгер жата қап ашуланған екен. Ерін бауырына алып тулағандардың ішінде Қалдарбек Найманбаев, тіпті атақты «Мына біреу оңашалау кафе екен, кіріп келсем... мұнда да отыр Ғафекең» дейтін Ғафу ақын да бар екен.

Жарасқан ақын «Жұлдыз» журналында қызмет етіп, сынмен айналысқан кезінде де талайлар жауығып, ақыннан сырт айналған көрінеді. Ол кезде әрине, сынды бүркеншік атпен жазады. Бар-жоғы екі әдеби журнал: «Жұлдыз» бен «Жалын» бар, ол уақытта. «Жалын» альманағындағы «Тура би трибунасы» деген айдардың аясында да талайларды сын садағына алып, қаламын аямай түйреген. Жәкеңмен егіз қозыдай бірге жүретін Шөмішбай Сариев та сол «Жұлдызда» сын бөлімін басқарып, ол да сынның бәрін

бүркеншік есіммен жазғанын жұрт біле бермейді. Бәрін Жарасқаннан көреді. Егер де «Жұлдыздың» ескі сандары қолыңызға түсе қалса, онда кездесетін Әділшын Жұлдызұлы деген есім – Шөкеңнің бүркеншік аты. «Кейбіреулер «оның бәрін Жарасқан Әбдірашев жазған» дейді. Ол бүркеншік ат жамылған мен болатынымын» дейді Шөкең. Өткір сынның арқасында өзіне жау тауып алған адамға жауығушылар көп болады, әрине. Қарымта қайтармақ болып, олар да оңдырмай сынады сосын. Соның салдарынан Жарасқан ақын Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығына қол жеткізе алмапты. Жарасқан ақынның қайдағыны тауып алып, шақпа тілмен күлдіріп жүретін юморлығында шек жоқ еді дейді оны жақсы білетіндер. Ондай әзілдері әлі күнге елдің аузынан түспейді. Бірде бүгінде жасы тоқсанға таяп қалған көрнекті сатирик ақын Мыңбай Рәшев Жарасқанның өлеңін «Ара» журналында быт-шыт қылып сынады. Жарасқанға жаны ашығандар «ондай солақай сынды көзге ілме, саспа» деп жұбату айтады. Сөйтсе, Жәкең: «Мен өзім Әбдірашев болсам – сол Рәшевтен төрт әрпім артық қой, сасайын деп тұрған мен де жоқ! – дейтін көрінеді жұлып алғандай.

Жарасқан ақын айтты деген мұндай тапқыр сөздер толып жатыр. Соның бірсыпырасы көрнекті ақын Ұлықбек Есдәулеттің «Әбілхаят» атты кітабына енген. «Бірде үлкен лауазымды бір ақын ағамыз қайтыс болып, Жазушылар одағының екінші қабатындағы фойэні қызыл, қара маталармен төгілдіре көмкеріп, биік ұзын үстелдің үстіне аузы ашық бос табыт орнатып, жасандыра қаптап, қаралы жаназаға әбден дайындаған екен. Тек мәйіттің келуіне ғана қаратып қойыпты. Марқұмның сүйегін әлі әкелмеген, фойеде жан адам жоқ. Жарасқан, Шөмішбай үшеуміз төменнен көтерілгеніміз сол, мынадай салтанатты көргенде аузымыз ашылып қалды. Өсіресе, Шөмішбай қатты таңырқап, қайта-қайта таңдайын қағып:

– Керемет қой мынау! Мұндай бұрын болмайтын еді...

Ғажап қой, керемет қой мынау! – деп тамсана қайталай берді.

Жарасқан ойланбастан:

– Шөке, егер сонша қатты қызығып тұрсаң, ана табытқа барып жата қалмайсың ба? – деді оған. Үшеуміз күлкімізді тыя алмай, сол жерден тұра қаштық». «...Енді бірде Кеңсайдағы зират басынан Оралхан Бөкеевті жерлеуден келе жаттық. Жарасқан, Иранбек үшеуміз бір көлікте отыр едік. Мен өз ойыммен болып: – Бір байқағаным, кейінгі кезде бір жаққа сапарға шықсам болды, бір жақыным, жолдасым не бір досым қайтыс болады. Жезқазғанда жүргенімде курстасым Жәнібек Кәрменов қайтыс болды. Шымкентте жүргенімде Кеңшілік Мырзабеков марқұм болып кетті. Осы жолы Оралхан ағамның қазасын Ақмолада жүріп естіп, жедел ұшып жеткенім. Топырақ салуға үлгердім, әйтеуір, – дедім.

– Мына мен де кейінгі уақытта сондай құбылысты байқап жүрмін. Қызылордаға кетсем болды, бір досым қайтыс болады. Соңғы рет Қызылордада жүргенімде Сағат Әшімбаев қайтыс болған. Үлгеріп келіп топырақ салғам, – деді Жарасқан. – Әй, Жарасқан, бұдан былай сен Қызылордаға кете көрмеші, енді мына мен өліп қалуым мүмкін, – деді Иранбек.

Жарасқан оған бұрылып, көзін сығырайта қарап отырып:

– Осы мен Қызылордаға біржолата көшіп кетіп, бәрінді қырып салайын ба? – деді» деп жазады Ұлағаш Жарасқан жайлы жып-жылы естелігінде.

Кеңестік заманда Жәкең елден бұрын «Жигули» көлігін сатып алып, жүйткітіп жүргенде, «жүздетіп» қойып жүргізушілік куәлігінен айырылып қалыпты. Сөйтсем, байқамай Қонаевтың заулап келе жатқан эскортының ішіне кіріп кетіпті. Қалай киліккенін өзі де білмейді. Олардың күзет қызметі правосын сыпырып алып, үсті-басын, көлігін түгел тінтіп, әбден тергеп болған соң, бір-ақ босатады. Енді Жәкең «правосын» қайтарып алудың қамына кіріседі. Ол оңай ма, қып-қызыл машақат. МАИ-дағы ағаларының да басы екеу емес, енді жеттім бе дегенде, жүргізушілік куәлігі жоғары кабинеттерге өрлей береді. Ақыр соңында атышулы право Жиенбаев деген министрдің алдынан бір-ақ шығады. Ол

кісіге де бір дөкей ағасы арқылы жол тапқан ғой. Жазылып, кезекке тұрып, әрең кіріп, не мәселемен, кімнен келгенін баяндаса, министр орысшалап:

– Ей, артист, почему пьешь за рулем? – десе керек.

Жәкең:

– Вы ошибаетесь, я не артист, я – поэт! – десе ол:

– Артист, поэт – для меня один черт. Вот, получи свое право. И больше не пей за рулем!

До свидание! – деп куәлігін қолына ұстата беріпті. Айта берсе, ақын өмірбаянында мұндай өмірлік мысалдар толып жатыр.

Қайран, тірісінде-ақ аты аңызға айналып, өмірден жасындай жарқылдап өткен Жарасқан ақын-ай десейші...

**Төреғали ТӘШЕН**